



## Мекеме басшыларына

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін облыстық орталықтың» 2025 жылдың 18 наурыз күнгі №113 санды шығыс хатына сәйкес Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі **2025 жылдың 9 сәуір күні** Бауыржан Момышұлының 115 жылдығына орай «Мен Бауыржан ұрпағымын» атты аудандық патриоттық әндер байқауының өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Осыған орай, байқау ережесіне сәйкес 2025 жылдың 7 сәуір күніне дейін (8 сәуір күнгі өтінімдер қабылданбайды) аудандық білім бөлімінің әдіскері Н. Дархамбековаға [abb\\_nazgulim@mail.ru](mailto:abb_nazgulim@mail.ru) электронды поштасына ережедегі жіберілген үлгіге сәйкес өтінімді толтырып жіберілуін, оқушылардың жол бойындағы алып бару және алып келу кезіндегі өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етулеріңізді сұрайды.

**Ескерту!** Байқаудың ережесі электронды пошталарыңызға жіберілді. Мерзімінен кешіктірілген сұраныстар қабылданбайды. Байқаудың өткізілетін орны қосымша хабарланады.

Қосымша: 3 бет

**Т.Рысқұлов ауданының  
білім бөлімінің басшысы**



**М.Сванов**

Орындаған: Н.Дархамбекова  
87028862370



**«БЕКІТЕМІН»**  
**Т.Рысқұлов ауданының**  
**білім бөлімінің басшысы**  
-----**М.А.Сванов**  
«-----»-----**2025ж**

**Бауыржан Момышұлына 115 жыл.**  
**«Мен Бауыржан ұрпағымын» атты аудандық патриоттық әндер**  
**байқауының**  
**ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

Байқауды өткізудің негізгі мақсаты жастарды – Отан сүйгіштікке, батылдыққа, ерлікке, татулық, еңбек сүйгіштікке парасаттылыққа ұлттық ерлік дәстүрлерге, сонымен қатар өскелең ұрпақтың бойында жоғары моральдық – адамгершілік қасиеттерді дамыту, мәдени бірегейлікті сақтау, бабалар ерлігін насихаттауды нығайту болып табылады.

Байқауды Т.Рысқұлов аудандық білім бөлімі өткізеді.

Қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын байқау ұйымдастырушылары қалыптастырады.

**2. Аудандық байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі**

Аудандық білім бөліміне қарасты мекеме басшыларының қолымен байқауға қатысуға өтінімдер электронды түрде [abb\\_nazgulim@mail.ru](mailto:abb_nazgulim@mail.ru) электронды поштасына **2025 жылдың 7 сәуір күніне дейін** қабылданады. **2025 жылғы 7 сәуірден** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

**Аудандық байқаудың өткізілетін күні: 9 сәуір 2025 жыл**

**3. Байқауға қатысушылар**

Байқауға аудандық жалпы білім беру мектептерінің сынып оқушылары, қосымша білім беру мекемесінің тәрбиеленушілері қатысады.

Жас ерекшеліктері:

Кіші топ: 9 - 11

Орта топ: 12 – 14.

Ересек топ: 15 – 17

#### 4. Фестиваль шарттары:

- Мектепшілік іріктеу кезеңінен өткен әр жас ерекшелік бойынша 1 жеңімпаз оқушы аудандық байқауға жіберіледі;
- Қазақстандық композиторлардың немесе танымал орындаушылардың **бір** туындысын орындау;
- жеке (авторлық) музыкалық шығармаларды орындау;
- өтінімде ән авторлары мен орындаушының аты жөнін көрсету міндетті

#### 5. Бағалау критерийлері:

Қатысушылардың байқауға ұсынылатын қойылымдары келесі сын - талаптар бойынша бағаланады:

- вокалдық және интонациялық дағдылар (интонация тазалығы, тембр сұлулығы, дауыс ауқымы мен күші);
- дикция және орфоэпия (мәтіннің анық және грамматикалық тұрғыдан дұрыс айтылуы);
- орындау мәнері (әртістік, харизмалық, репертуардың күрделілігі);
- орындаушылық мәдениет (сахнадағы мінез-құлық, орындалатын шығарманың мағынасын тыңдаушыларға жеткізе білу шеберлігі, костюмдер мен реквизиттер).

**Регламент:** Байқау қатысушысы ұзақтығы 5 минутқа дейін бір конкурстық нөмірден ұсынады. (1 ән)

**Ескерту : Әртүрлі орындаудан «кесуге» жол берілмейді!!!!**

**Бауыржан Момышұлының 115 жылдығына орай**  
**«Мен Бауыржан ұрпағымын» атты аудандық патриоттық әндер**  
**байқауының**  
**өтінімі**

<b>Қатысушының аты-жөні</b>	
<b>Жас ерекшелігі</b> (кіші топ, орта топ, ересек топ)	
<b>Тұрғылықты мекен-жайы,</b> (облыс, қала, ауыл)	
<b>Шығарманың атауы, авторлары</b> (Егер авторлық ән болса, көрсетілсін)	
<b>Жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты</b> (толығымен)	
<b>Байланыс телефоны</b>	